

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық- техникалық колледжі  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнама талаптарын сақтау  
мәселелері бойынша І тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру  
жиналысының  
№1 ХАТТАМАСЫ

10.03.2026 жыл.

Жетісай қаласы

Жиналыс төрағасы: колледж директоры Л.А. Баймаханова

Хатшы: С.Ю. Атабаев

Қатысқан қызметкерлер саны: 156 адам

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»  
Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ) колледж қызметкерлеріне 2025-  
2026 жылының І тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты колледж директоры Л.А. Баймаханова  
жиналысты ашып, күн тәртібімен таныстырды. Жоғарыдағы нұсқаулықтарды  
негізге ала отырып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама  
талаптарын сақтау, комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелері,  
құндылықтары мен принциптерін түсіндіріп өтті.

Келесі сөзге колледж комплаенс-офицері А.Қ. Анықбеков шығып, 2015  
жылғы 18 қарашадағы ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»  
Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі  
ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін түсіндірді. Колледж  
қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер ережелерін сақтамай  
жүрген деректер тіркелмегенін, бұл жөнінде қызметкерлерге толық түсіндіру  
жұмыстары жүргізілгендігін айтты. Құқықтық оқу және түсіндіру барысында  
қатысушыларға сыбайлас жемқорлық фактілерінің неден пайда болатындығын,  
оған жол бермеудің қарапайым әдістері жөнінде кеңінен мағлұмат берілді.  
Уәкілетті орган қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалғыз адам емес,  
қоғам мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің бірігуімен қарсы  
тұруға болатынын, әрбір жеке тұлға жауапкершілікті сезініп, өз қызметінде осы  
індетпен барынша күрес жүргізбей, жеңіске жету мүмкін емес екенін баса айтты.

Колледж директоры Л.А. Баймаханова алдағы уақытта жоғарыдағы көрсетілген құқықтық нормалардың сақталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді зерделей келе колледж директоры

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

- 1.Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ) Заңын сақтауға;
- 2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша I тоқсан барысында нормативтік актілерді түсіндіру есепке алынсын.

Жиналыс төрағасы:



Л.А. Баймаханова

Хатшысы:



С.Ю. Атабаев